

Алматы қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 15 наурыздағы "Алматы қаласы әкімдігінің жанындағы көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы" N 2/230 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 6 қыркүйектегі N 6/1078 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2006 жылғы 27 қыркүйекте N 713 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 12 шілдедегі N 5/760 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 12 шілдедегі N 5/760 қаулысымен

Жұмыс сипатының өзгеруіне, сондай-ақ көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қалалық комиссияның жекелеген мүшелерінің қаладан тысқары жаққа кетуіне байланысты, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес Алматы қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 15 наурыздағы "Алматы қаласы әкімдігінің жанындағы көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы" N 2/230 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Реестрінде 2004 жылғы 16 сәуірде тіркелді - N 591, "Вечерний Алматы" газетінің 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 77-78 сандарында, "Алматы Ақшамы" газетінің 2004 жылғы 24 сәуірдегі N 46 санында жарияланды, Алматы қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 11 сәуірдегі "Алматы қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 15 наурыздағы "Алматы қаласы әкімдігінің жанындағы көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы" N 2/230 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 2/198 қаулысымен өзгеріс енгізілді, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Реестрінде 2005 жылғы 20 сәуірде тіркелді - N 650, "Вечерний Алматы" газетінің 2005 жылғы 28 сәуірдегі N 86-88 сандарында, "Алматы Ақшамы" газетінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 47 (N 34-37) санында жарияланды) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда берілсін.

2. Комиссияның өзгерген дербес құрамы белгіленген тәртіпке сәйкес Алматы қаласы мәслихатының бекітуіне ұсынылсын.

3. Алматы қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 11 сәуірдегі "Алматы қаласы әкімдігінің жанындағы көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі

комиссия туралы" N 2/230 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 2/198 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Реестрінде 2005 жылғы 20 сәуірде тіркелді - NN№650, "Вечерний Алматы" газетінің 2005 жылғы 28 сәуірдегі N 86-88 сандарында, "Алматы Ақшамы" газетінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 47 (N 34-37) санында жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы ресми жарияланған алғашқы күннен бастап күшіне енеді.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Ш. Мұқашевқа жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі

Әкімдік хатшысы

Алматы қаласы әкімдігінің
2006 жылғы 6 қыркүйектегі

N 6/1078 қаулысына қосымша

**Алматы қаласы әкімдігінің жанындағы көліктегі
қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндег**

Алматы қалалық комиссиясының құрамы

Мәулен Шапанбайұлы - Алматы қаласы әкімінің орынбасары,
Мұқашев комиссия төрағасы

Бауыржан Бейсенұлы - Алматы қалалық Жұмылдыру дайындығы,
Ысқақов азаматтық қорғаныс, авариялар мен
дүлей апаттардың алдын алуды және
жоюды ұйымдастыру департаментінің

директоры

Игорь Евдокимович - комиссия хатшысы

Ключников

Комиссия мүшелері:

Бақтыгелді Емелұлы - Алматы қалалық Ішкі істер департаменті
Айқымбеков жол полициясы басқармасының бастығы

Әнуэрбек Сиражұлы - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіптік
Әмірханов қауіпсіздік және көлік қауымдастығының
төрағасы, (келісімі бойынша)

Мұрат Махметұлы - "Көлік ғылыми-зерттеу институты"
Бекмағамбетов Акционерлік қоғамының директоры
(келісімі бойынша)

Владимир Михайлович - "Тәуелсіз бағалау және сараптама"
Дарвин жауапкершілігі шектеулі

серіктестігінің бас директоры

(келісімі бойынша)

Юрий Викторович Ильин - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің Алматы қаласы бойынша төтенше жағдайлар жөніндегі департаменті бастығының орынбасары

(келісімі бойынша)

Сұлтанбек Алмасбекұлы Мәкежанов - Алматы қалалық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаментінің директоры

Сейітбек Ұзақұлы Түркебаев - Қазақстан Республикасының Көлік қозғалысы қауіпсіздігі қоры Алматы қалалық филиалының директоры

(келісімі бойынша)